

Жастарды мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы № А-6/260 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 30 маусымда № 3324 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № а-4/103 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010.04.02 № а-4/103 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасы) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударылатын ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін пайдалану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі № 603 қаулысын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Жастардың іс-тәжірибесін (бұдан әрі – Жастардың іс-тәжірибесі) ұйымдастыру арқылы Өкілетті органда тіркелген, жоғарғы оқу орындарын, колледждер мен кәсіби лицейлерді бітірушілердің арасынан ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органымен анықталатын нысаналы топқа кіретін жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар белгіленсін.

2. Жастардың іс-тәжірибесі меншіктілік нысанына қарамастан ұйымдарда (бұдан әрі – Жұмыс беруші) өткізіледі.

3. Жастар іс-тәжірибесінің өтудің ең ұзақ мерзімі алты айдан аспауға тиіс.

4. Жастардың іс-тәжірибесін ұйымдастыру Өкілетті органмен жасалған шарттың негізінде Жұмыс берушімен жүзеге асырылады.

5. Жастар іс-тәжірибесінің қатысушына еңбекақы төлеу Үкілетті органмен жергілікті (аудандық, облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттердің есебінен

Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген ең төменгі айлық еңбекақыдан аз емес көлемде, жасалған еңбек шартының негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 2009.10.08 № А - 1 1 / 4 2 3 .

6. Бастап жастардың іс-тәжірибесін қаржыландыру республикалық бюджеттен жастардың іс-тәжірибесінің бағдарламасын кеңейтуге бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің есебінен жүзеге асырылады. Жастар іс-тәжірибесінің қатысушысына еңбекақы төлеу бастап жасасқан еңбек келісім-шарты негізінде нақтылы жұмыс істеген уақыты үшін айына 15 000 теңге мөлшерінде Уәкілетті органмен жүргізіледі.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 2009.10.08 № А - 1 1 / 4 2 3 .

7. Осы қаулының 6-тармағының әрекеті 2009 жылдың 1 мамырынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғ.М.Бекмағамбетовке жүктелсін.

9. Ақмола облысы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А қ м о л а о б л ы с ы н ы ң

әкімі А.Рау